

Атырау қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 25 қарашадағы № 1578 "Атырау қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 9 тамыздағы № 1591 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 қыркүйекте № 3943 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 563 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы әкімінің 28.03.2024 № 563 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес, Атырау қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Атырау қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 25 қарашадағы № 1578 "Атырау қаласында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы" қаулысына (бұдан әрі - қаулы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3730 болып тіркелген, облыстық "Атырау" газетінде 2017 жылы 7 қаңтарда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) қаулының тақырыбы жаңа редакцияда мазмұндалсын: "Атырау қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарынан квота белгілеу туралы";

2) қаулының 1-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын: "Ұйымдардағы қызметкерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде Атырау қаласында ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарынан квота белгіленсін".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Қалауиға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Шапкенов